

ПСИХОЛОГИЯ ПӘНІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ



Психология- психикалық құбылыстардың (жан қуаттарының) пайда болу, даму және қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Психикалық құбылыстар бізді қоршап тұрған сыртқы дүние заттары мен құбылыстардың мидағы әр түрлі бейнелері болып табылады.

Психология ерте замандардан келе жатқан білім салаларының бірі. Оның дүниеге тұңғыш келген жері Греция. “Психология” термині гректің екі сөзінен тұрады: оның біріншісі- “псюхе” (жан), екіншісі- “логос”(сөз, ілім). Сөйтіп, бұл сөз “жан туралы ілім” деген ұғымды білдіреді.

Ерте замандарда пайда болып, ғасырлар бойы соқыр сенім-нанымдар мен кейбір зиялылардың көзқарастарында насихатталып келген түсініктер бойынша, адамда тәннен тәуелсіз “жан” болады, мәңгі-бақи жасайтын жан адамның барлық психикалық тіршілігінің (ойының, сезімінің, еркінің) иесі де, себепшісі де. Жан туралы осындай жалған түсініктің пайда болуына алғашқы адамдардың табиғат сырларын дұрыс түсіне алмауы себеп болды.


Психология тарихы

Психологиялық ғылыми білімдердің тарихы екі кезеңге бөлінеді. Оның біріншісі- шамамен 2500 жылға созылған, көш басы Аристотельден басталатын жан дүниесі жайлы түрлі ой-пікірлердің ілкі тарихы. Осы кезең ішінде психология басқа ғылымдармен, әсіресе, философиямен қосақтаса дамып келеді. Оның екінші тарихы 1879 жылдан басталады. Осы жылы неміс ғалымы В.Вундт (1832-1920ж.ж.) Лейпцигте тұңғыш лаборатория ұйымдастырып, мұның дербес эксперименттік ғылым болуына себепкер болды. Психология даму тарихы жоғарыда аталған ғұламалармен қатар Герофил, Эразестрат, Гиппократ, Гален , Әбуәлі Ибн Сина, Декарт, Гоббс, Спиноза, Локк, Гартли, Дидро, Вольф, т.б. оқымыстылардың есімімен тығыз байланысты. Психикалық құбылыстың табиғи ғылыми негізін жасауда, оны материалістік тұрғыдан түсіндіруге орыстың ұлы ғалымдары И.М.Сеченовтың (1829-1905ж.ж.) рефлексстер жөніндегі пікірлері мен И.П.Павловтың (1849-1936ж.ж.) жоғарғы жүйке қызметі туралы ілімнің маңызы зор болды.

Қазақстанда психология ғылымының қалыптасуы мен дамуы



Бірінші кезеңі – кеңес үкіметі орнағанға дейінгі қазақ психологиясы- бұл кезең психология ғылымының ілкі бастауы(15-20ғ.)



Екінші кезеңі марксистік кеңестік психология деп аталады (1920-1990)



Үшінші кезең – егемен, тәуелсіз Қазақстан жағдайында қалыптасқан ғылыми психология дамуының жаңа кезеңі (1991-2006)

ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

НЕГІЗГІЛЕРІ

Бақылау

Тұр-
мыс-
тық

Ғылы-
м

Тікелей
арала-
сы

Сырт-
тай

Эксперимент

Зерт-
хана-
лық

Таби-
ғи жағ-
дайда

Нақты-
лаушы

Қалып-
тасты-
рушы

КОМЕКШІ

Дербес сипаттамаларды
қорытындылау
Сауалнамалар:
1. Жазба
2. Ауызекі
3. Әңгімелесу

Іс-әрекет нәтиже-
лерін талдау
Тестілеу:
1. Жобалаушы
2. Психикалық
түзету-реттеу

Психологияның негізгі әдістері:



Бақылау
әдісі



Тәжірбие
әдісі

Бақылау әдісі

Тәжірбие әдісі

Бақылау әдісі – әр түрлі табиғи жағдайда жеке тұлғаның іс-әрекеті мен қылықтарын қабылдаудың негізінде мақсатты зерттеу. Бақылау табиғи жағдайда жүргізіледі. Ескеретін мәселе, бақылау жүргізілген кезде сол қадағалау нысаны болып отырған адам бақылау жүргізіліп жатқанын білмеуі керек, егер сезген жағдайда шынайылық жоғалады. [Психологиялық](#) зерттеулердің табиғилығын сақтау-бақылауға қойылатын бірінші талап. Бақылау әдәсәне қойылатын екінші талап – бақылау үнемі мақсатты болуы қажет, яғни зерттеудің мақсаты мен міндеттері айқын қойылуы керек. Бақылау әдісіне қойылатын [үшінші](#) талап – [оның нәтижесін тіркеу](#).

Экспериментатор өзінің жағдайына қарай тәжірибені жүргізу шартын өзгерте алады. Бұл эксперименттің негізгі артықшылығы, сонымен қатар ол оқу-тәрбие үрдісінде тәсілдерді табуға мүмкіндік береді. Эксперименттің барысында арнаулы құралдар мен аппараттардың көмегімен психикалық үрдістер өзгерістерінің уақытын дәл көрсетуге болады, мәселен, жауап беру (реакция), оқу, еңбек, дағдылардың қалыптасу жылдамдығы.

ПСИХОЛОГИЯ

салалары

Арнаулы психология

Еңбек психология

Әскери психология

Сауда психологиясы

Ғылыми- шығармашылық
психология

Жас кезеңдердегі
психология

Медициналық психология

Әлеуметтік психология

Спорт психологиясы

Шығармашылық психология

Психикалық
құбылыстар

```
graph TD; A[Психикалық құбылыстар] --- B[Психикалық процесс]; A --- C[Психикалық қалып]; A --- D[Психикалық қасиет];
```

Психикалық
процесс

Психикалық
қалып

Психикалық
қасиет

- Біздің түйсіктеріміз, қабылдауларымыз, ес, ойлау, сөйлеу, қиял, еркіміз **психикалық процесс** деп аталады.
- Кейде психикалық процесстер неғұрлым күрделеніп кетсе, онда белгілі бір толқуды басынан кешіреді, бұл **психикалық қалып** деп аталады.
- Қабілет, темперамент, мінез- бұл **психикалық қасиеттер** деп аталады.

Назарларыңызға рахмет!